

Алматы Экономика және статистика академиясының 2015-2018 жж. бағытталған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламасы

Мазмұны

Кіріспе

1. Сыбайлас жемқорлық тұжырымдамасы және мәні туралы
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі жалпы ережелер
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаның мақсаттары
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру
5. Мониторинг және талдау
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаны іске асыратын нормативтік құжаттар тізімі

Кіріспе

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңға сәйкес мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ, соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы «сыбайлас жемқорлық» деп түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңы ең пәрменді заңдардың бірі. Бұл заң осы бірнеше жыл ішінде жоғары маңызғы ие болып, мемлекеттік қызметшінің күнделікті пайдаланатын қажетті құралына айналып отыр.

Заңның ең басты құндылығы, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тыю және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған.

«Қазақстан-2050» Стратегиясының мақсаттарына сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес жүргізу арқылы ғана қол жеткізуге болады. Елбасы айтып өткендей: «Мемлекет пен қоғам біртұтас майдан құрып жемқорлыққа қарсы шығуы тиіс. Жемқорлық - жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып табылады». Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбиелеу үлгісі «**Заң**», «**Әділдік**», «**Теңқұқықтық**» сияқты іргелі түсініктердің төңірегінде қалыптасуы тиіс. Жемқорлыққа қарсы тұрарлық тәлім білім беру барлық жағынан жоғары деңгейде қалыптастырылуы қажет. Тек *таза және адал еңбек* қана өскелең ұрпақ үшін табыстылықтың, жоғары жетістіктердің, білім мен материалдық игіліктің басты өлшеміне айналуы тиіс. Қазақстанның беделді халықаралық ұйымдарға кіруіне және жемқорлыққа қарсы іс-әрекет саласындағы көпшілікке танылған халықаралық конвенцияларға қосылуына мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызды профилактикалық шарасы нормативтік құқықтық актілер жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуелсіз ғылыми сараптама жүргізу. Сыбайлас жемқорлықты жою - біздің халқымыз бен мемлекетіміздің іргелі құндылығы - **Тәуелсіздігімізді** нығайтудың өзекті шарты. («**Нұр Отан**» **партиясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасынан**)

Алматы экономика және статистика академиясының ұжымы парақорлықтың қандай болмасын түрлеріне жол бермейтінін баяндайды. Алматы Экономика және статистика академиясының 2015-2018 жж. бағытталған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламасы академиясының Ғылыми Кеңесінде бекітілген (№ 2 хаттама 15.09. 2015 ж.).Парақорлық қоғамның даму жолына кері әсерін тигізетінін біле отырып, Қазақстан Республикасының парақорлыққа қарсы қабылданған негізгі заңдарға және заңнамалық сәйкес академияның білім жүйесінің сапасын арттыру, бәсекелестікке қабілетті жас мамандарды даярлау барысында. **Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесті құру туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 2 қазандағы № 403 бұйрығын** негізге ала отырып, Алматы Экономика және Статистика академиясының басшылығы оқу орнында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» кеңес құрды, кеңес мүшелері: Ректор, профессор В.А.Корвяков (кеңес төрағасы), Оқу және тәрбие ісі жөніндегі проректор, профессор Л.М.Бекенова (төраға орынбасары), профессор Б.А.Смагулова, Жастар жұмысының және қоғамдық байланыс секторының менеджері Д.М.Жакупбекова, Жастар комитетінің төрағасы А.Кравчук академияда жұмыс істейтін профессорлық және оқытушы құрамындағы қызметкерлердің алуы және студенттердің пара беруі қоғамға лайықсыз әрекет екенін үнемі насихаттай отырып, жұмыс істейді. Жоғарыда аталған Кеңес бәсекелестікке қарсы тұра алатын жас маманды даярлау мақсатында, академия оқытушыларымен студенттеріне қатаң талап қойып, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» бағдарлама даярлады. Бағдарламаның өз мақсаттарымен талаптары бар және бағдарлама талаптары негізіндегі нақты қадам - академияда парақорлықтың алдын алу саясатын жүзеге асырады. Бағдарлама әрбір қызметкердің атақаратын қызметіне қарамастан жұмыс барысындағы тәртібінің талабын көрсетеді. Осылайша, академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты, олардың нормативтік құқықтық шоғырландырылуын көрсетеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұжырымдамалық идеяларды дамыту жөніндегі көзқарастары мен іс-шаралар жиынтығы болып табылады. Оның басты мақсаты сыбайлас жемқорлық деңгейін және сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдерді болмырмаумен қатар білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауы болып табылады. Мұндай саясат құрамында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары (мысалы, сыбайлас жемқорлықтың теріс ықпалын көрсету, сыбайлас жемқорлықтан бас тарту атмосферасын құру) және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нақты қадам жасау (мысалы, академияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұйымның жұмыс жасауы).

1.Сыбайлас жемқорлық тұжырымдамасы және мәні туралы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерінің ұзақ мерзімді тарихы бар. Олар ежелгі философтар еңбектерінде көтерілді. Мәселен, Аристотель, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ретінде лауазымды тұлғалардың бірнеше орында отырғандарына тыйым салуды ұсынған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Аристотель ұлттық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін негіз ретінде қарастырған: «Кез келген саяси жүйе үшін ең бастысы – заңдар негізінде билікте отырған адам пайдасын ойлауға мүмкіндігі болмасын» деп тұжырымдаған.

Н. Макиавелли сыбайлас жемқорлықты адамгершілік қасиетін жоятын мемлекеттердің жалпы ауруы деп атап кеткен. Рим құқығында «congumpire» сөзі бірнеше мағына берген: бұзу, жою, зақымдау, пара беру, алдау.

Жалпы құқықтық әдебиеттерде сыбайлас жемқорлық туралы көптеген тұжырымдамалар көрсетілген. Сыбайлас жемқорлықты ресми анықтайтын түсіндірме Біріккен Ұлттар Ұйымының материалдардарында «Жеке пайдасы үшін билікті теріс пайдалану» деп көрсетілген. Сыбайлас жемқорлық қызметі көлеңкелі экономиканың негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Қызметтік жағдайын теріс пайдалану

нысандары әр түрлі өлшемдеріне сәйкес өте алуан түрлі болғандықтан, сыбайлас жемқорлықтың әр түрлі критерийлеріне жан жақты анықтама беріледі.

Жемқорлық - екі бағыттағы қозғалыс көшесі, параны алушы мен параны берушілер де өз істері үшін жауапкершілікке тартылуы тиіс(strategy2050.kz).

Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық әлеуметтік феномен ретінде барлық қазіргі мемлекеттерге әр түрлі дәрежеде тән болып отыр. Ол туралы газеттерде, ғылыми мақалаларда, монографияларда жазылады. Бұл құбылыстың зияндылығын оның саяси, экономикалық және рухани өркендеуге кері әсерін түсініп сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретінін анық ұғынып, көптеген мемлекеттер қалыптасқан қатынастар, жүйесінен шығу жолдарын іздейді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді әзірлейді және іске асырады. **Қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын насихаттау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қолданылып жүрген заңнама ережелерін түсіндіру.**(*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан*)

2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі жалпы ережелер .

- Академияның негізгі басымдығы білім деңгейінің сапасын арттыру, жоғары кәсіби мамандарды даярлау, рухани-адамгершілігі мол, бәсекелестікке қабілетті, мәдениетті, отансүйгіш азаматтарды Қазақстан Республикасын дамыту процесіне үлесін қосу үшін даярлау;

- Академия сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісін және және сыбайлас жемқорлықтың қолайсыз мінез-құлқын, алаяқтықты, парақорлықты, сондай-ақ, басқа да көріністерді болдырмау үшін жұмыс атқарады;

- Академия жалпы стратегияны бұлжытпай орындаумен қатар, өзінің алдына қойған негізгі мақсаттары мен саясатын ұстануын, оның ішіндегі тәрбие саясатының процесін үздіксіз білім беру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде жүзеге асырады;

- Академия қызмет барысында келесі Заңдармен «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың – жыл сайын Қазақстан халқына жолдайтын жолдауымен» қатар заңнамалық актілерге сүйенеді;

- Академия Қазақстан Республикасының Заңдарына және заңнамалық актілеріне сәйкес оларды бұзушылықтарға қарсы тұрады және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін тиісті шаралар қабылдайды ;

- Академия қызметкерлері және оқытушылары адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға тиіс;

- Академия қызметкерлері және оқытушылары еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, берілген өкілеттіктерді тиімді иеленуге; өзінің қызметтік міндеттерін адал, турашыл және сапалы атқаруға; жұмыс уақытын ұтымды пайдалануға тиіс;

- Академия Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға және заңдардың, заңнамалық актілердің бұзылуына байланысты кез-келген шағымдарға оқытушылардың жағдайы және олардың алдыңғы жетістіктеріне қарамастан тиісті іс-шаралар қабылдайды.

3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаның мақсаттары мыналар болып табылады:

- Білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін бағытталған шараларды қабылдау мен нығайту;

- Академияның беделіне қауіп төндіретін кез-келген сыбайлас жемқорлықтың көріністері, қоғам мүшелерінің моральдық-психологиялық климатына және даму стратегиясына кері әсерін тигізеді;

- Академияның негізгі стратегиялық жоспарларын жүзеге асыру үшін жауапты ведомстволардың жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру;

- Академияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың іске асырылатыны туралы ақпаратпен қызметкерлерді қамтамасыз ету;

- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған кез келген заңды қызметке, сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау бойынша іс-шараларды қабылдау, ынталандыру және қолдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қауіптерін азайту;

4.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат академияның барлық қызметкерлеріне, оқытушылары мен студенттеріне, бірлескен іс-шараларға тартылған адамдарға қолданылады;

- Академияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру үшін, сыбайлас жемқорлықтың мінез-құлық жағдайларын жою үшін оқу процесі алғашқы күндерінен бастап оқу жылының соңына дейін бақыланады;

- Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру үшін, тәрбие сағат жоспарларына «Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға теріс ықпалын тигізетінін» ұғындыру мақсатында енгізіледі және осы тақырып негізінде дөңгелек үстелмен кездесулер ұйымдастырылады;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бақылау шеңберінде студенттер арасында анонимді сауалнама жүргізіледі;

- Жосықсыз мұғалімдерді анықтау үшін академияның «Жастар комитеті» арқылы студенттерді тарту;

- Академияда сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында кез-келген қызметкерге үшінші тұлғалардан қолма-қол ақша сыйақыларды алуға, сондай-ақ әр түрлі сыйлықтарды ұсынуға тыйым салынады;

- Академия қызметкерлерін лауазымды тұлғалардың жемқорлық келісім әрекеттеріне қатысудан бас тартқан кезде, немесе сыбайлас жемқорлықты баяндаған жағдайда қорғауға кепілдік береді;

- Қайырымдылық қаржылық шығындары заңға сәйкес жүзеге асырылады және оған қатысты қаржылық-есептік құжаттармен белгіленеді.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты қалыптастыру мақсатында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы бойынша жүргізіп жатқан саясаты туралы ақпараттан тұратын түсіндірме-насихаттау материалдарын қызметкерлер мен студенттерге таныстыру.

5.Мониторинг және талдау

- Академияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметінің маңызды құрамдас бөлігі - білім беру үдерісінің және академияның басқа да іс-шараларын ішкі есепке алу, бақылау және талдау бойынша сақтау;

- Академия сыбайлас жемқорлыққа қарсы және ондай қоғамға жат, теріс құбылыстың алдын алу шарасы ретінде рәсімдік қағидаларының сақталуы туралы ішкі аудит жүргізеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін талдау және мониторинг жасалады;

- Академия оқыту процесімен бірге ғылыми-зерттеу және оқудан тыс іс-шаралардың табысты теңестіру стратегиясын тиімді қаржылы-экономикалық қауіпсіздік деп білдіреді. Қаржылық және экономикалық саладағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру мақсатында ішкі қаржыны басқару элементтерін қамтамасыз ету қажет. Оның негізгі мақсаты, есепке алу мен есеп сенімділігін растайтын, Қазақстан Республикасының қолданысындағы заңнама тәртіптерін ұстанатын, қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыратын жүйе. Сенімді қаржы есептілігінің уақытылы дайындалғанын бақылайтын ішкі

жүйесі, қателер мен бұрмаланулардың алдын алу, жоғары оқу орнының басшысы тапсырмалары мен бұйрықтарының толық орындалуын қамтамасыз ету;

- Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзімсіздікті қалыптастыруды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар;

- Сыбайлас жемқорлықпен күрестің құқықтық жағынан рәсімделуі, елімізде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қатысты арнайы бағдарламалар, заңдар және өзге де нормативтік құқықтық актілермен академия ұжымын таныстыру;

- Ішкі қаржылық бақылау рәсімдерін уақтылы, дәл және қатаң сақтау сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мақсатында тиісті ұсынымдар жасауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, ықтимал қателерді болдырмау мақсатында ықпал ететін болады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаны іске асыратын нормативтік құжаттар тізімі

Қазақстан Республикасының Конституциясы.

«Нұр Отан» партиясының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасы 13 қараша 2014 ж.

2020 жылға дейінгі «Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпанындағы № 922 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 308 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011 - 2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 1998 ж. 2 шілдесіндегі № 267-І Заңы.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдесіндегі № 226 –V ҚРЗ

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдесіндегі № 235 –V ҚРЗ

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі № 319 Заңы.

«Қазақстан– 2050» стратегиясы – жарқын болашақтың кепілі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы 14.12.2012ж.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына ұсынған бес институционалдық реформа және «100» нақты қадам бағдарламасы.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы.